

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Бюджеттік банкі құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 6 ақпан N 167. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.10.30. N 1466 қаулысымен. ~P971466

"Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қазандағы N 2541 U952541_ Заң күші бар Жарлығын орындау үшін мемлекеттік бюджеттің есеп айырысу-кассалық атқарылуын және бюджет қаржысының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Бюджеттік банкі құрылсын.
2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылық мемлекеттік Бюджеттік банкке қатысты мемлекеттік басқарудың уәкілді органы болып айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Бюджеттік банкі 1996 жылғы 1 сәуірден бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есеп айырысу-кассалық орталықтарын қарауына қабылдап алуды бастасын.

4. Қазақстан Республикасы мемлекеттік Бюджеттік банкінің негізгі функциялары мыналар болып айқындалсын:

Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің кассалық атқарылуы, республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын ұйымдар мен мекемелерге, мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар мен қаражаттарға, нысаналы қаржыландыру қорларына, зейнетақы қорына есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету;

қаржы органдарымен бірлесіп бюджет қаржысының нысаналы пайдаланылуына алдын ала бақылауды жүзеге асыру;

жалпымемлекеттік салықтарды республикалық және жергілікті бюджеттер арасында бөлу және оларды әртүрлі деңгейдегі бюджеттерге аудару;

5. Уәкілді орган бір апта мерзімде мемлекеттік Бюджеттік банктің құрылтай құжаттарын ұсынсын және оларды заңдарда белгіленген тәртіппен тіркеуге енгізісін.

6. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Бюджеттік банкінің қызмет көрсетулеріне ақы төлеу республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылады. <*>

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1997.09.18.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының мемлекеттік Бюджеттік банктің орталық аппаратын орналастыру үшін Алматы қаласында және мемлекеттік Бюджеттік банктің облыстық бөлімшелері мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылықтың облыстық бөлімшелерін бірге орналастыру үшін барлық облыс орталықтарында үй-жайлар бөлсін.

8. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасының мемлекеттік Бюджеттік банкіне және оның Алматы қаласы мен облыс орталықтарындағы бөлімшелеріне байланыс арналарының бөлінуін қамтамасыз етсін.

9. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Бюджеттік банкін

ұйымдастыруға және оған мемлекеттік бюджетке есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету жөніндегі функцияларды беруге көмектесу;

есеп айырысу-кассалық орталықтарын берудің кестесі мен тәртібін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылықпен келісу;

тиісті тіркеу құжаттарын алғаннан кейін Қазақстан Республикасының мемлекеттік Бюджеттік банкіне банк операцияларын жүргізуге лицензия беру ұсынылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі